

**«8D02314 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша  
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Байсыдық  
Индира Болатбекқызының «Мінез сипаты атауларының  
лингвомәдениеттанымдық негіздері» тақырыбындағы  
диссертациялық жұмысына**

**ШҚІР**

Байсыдық Индира Болатбекқызына алғаш рет осы тақырып берілерде қазіргі қазақ тілінің қолданысы тұрғысынан, қазіргі қазақ тілінің титулды ұлттың тілі ретінде барлық тұрғындар қиындықсыз қолданып кетуіне жағдай жасау мақсатында, көмек ретінде зерттеу болсын деген ой болған еді. Ондағы негізгі мақсатымыз – қазақ тіліндегі барлық мінез атауларын жинастыру, жалпы картинасын көру, лексика-семантикалық топтарға бөлу, қандай мінез атауларын қазақ бағалайтынын, қандай мінез көріністерін аңғармайтынын байқау болатын. Сөйтіп, атауларды лингвомәдениеттанымдық тұрғыда бағалау басты мақсат еді. Бұл айтып отырғанымыз диссертациялық зерттеудің өзектілігін де, мақсатын да көрсетеді деген ойдамыз.

Диссертация жазылу барысында диссертант құрылымдық тіл білімі мен аксиологиялық, антропоэекті бағыттағы тілі білімі саласының белді ғалымдары В.Ф.Гумбольдт, Ю.Н.Караулов, А.Вежбицкая, В.А.Маслова, А.Д.Ли, Н.Ю.Лукашевич, Е.Ю.Харитоновна, А.А.Добрининаның зерттеулеріндегі тұжырымдар мен түйіндер, психология саласының мамандары Ә.Алдамұратов, Қ.Б.Жарықбаев, М.Қ.Бапаева, Ж.Түрікпенев, педагогика және философия саласының зерттеушілері Д.К.Кішібеков, Ә.Табылды, Ж.С.Сандыбаев және қазақ лингвомәдениеттаным саласының негізін салушы ғалымдардың, атап айтқанда академик Ә.Т.Қайдар, Н.М.Уәли, З.Қ.Ахметжанова, Ж.А.Манкеева, АБ.Әмірбекованың зерттеу еңбектеріндегі тұжырымдар мен негізгі зерттеу бағыттарымен танысып, оны жұмыста пайдаланды. Дегенмен жұмыс барысында, лингвомәдениеттанымдық талдау жасауда архетиптер, метафоралар, мифологемаларды анықтаудан гөрі атаулардың пайда болуына қандай аксиология құнды болған деген сауал негіз болғанын байқаймыз.

Сөйтіп, диссертацияда қазақ тіліндегі мінез сипаты атаулары алғаш рет мүмкіндігінше толықтай жиналып, семантикалық топтарға бөлініп, қазақ халқы бағалаған және қазақ халқы құп көрмеген мінез түрлерінің атаулары болып, лексика-семантикалық топтарға және концептілерге бөлінді. Бұл жұмыс бұрын қазақ тіл білімінде осы мақсатта зерттелмеген немесе ішінара қарастырылған тақырып болғандықтан барлық қадамдар диссертант үшін жаңа болды. Зерттеу жұмысында қазақ тіліндегі барлық мінез атаулары – сөз, сөз тіркесі, мақал, мәтел, тұрақты тіркестер жиналып, қазақ сөздік қорындағы алатын мөлшері анықталды. Алғаш рет мінез сипаты атаулары қазақ тіліндегі

жағымды мінез атаулары мен жағымсыз мінез атауларына топтастырылып, саны шығарылды. Қазақ тіліндегі жағымды мінезді танытатын концептілер анықталды. Қазақ тіліндегі әйел адам мен ер адам мінезін сипаттайтын атаулар айқындалды.

Және бұл жұмыстың енді бір жаңалығы деп, қазіргі қазақ күнделікті сөйлеу тілінде орысша аталымы қолданылатын мінез атауларының сауалнама көмегімен нақтыланып, айқындалуы десек болады. Диссертант қазіргі қазақтілді жас буынның өзінің және өзгенің бойынан таныған, бағалаған, құп көрмеген мінез түрлерін анықтау мақсатында және қазақ тіліндегі мінез атауларының қорын пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында 18-25 арасындағы қазақ жастарының арасында сауалнама ұйымдастырылып, 500 адамның жауабына талдама жасап, қорытынды шығарған. Бұл нәтиже де қазіргі қазақ мәдениеті тұрғысынан, адамтану тұрғысынан дұрыс тұжырымдар шығаруға көмектеседі.

Диссертацияда бұндай қолданыстарды варварлық қолданыстар деп атайды. Және осы орыс тіліндегі атаулардың қазақ тіліндегі баламалары көрсетіледі. Сондай-ақ мінез сипаты атауларының сөзтізбесі жасалып, алғаш рет концептілер және лексика-семантикалық топ аясында жинақталады. Диссертациялық жұмыстың қосымшасы ретінде «Қазақ әдеби тілінің сөздігінің» онбестомдығы негізінде жасалған мінез сипаты атауларының түсіндірме сөздігі беріледі. Және қосымшада әр концепті мен лексика-семантикалық топтың тілдік бірліктері шоғырланған көлбеу бағыттағы кесте беріледі.

Диссертацияда алынған нәтижелер қазақ тілі мен мәдениеті, қазақ аксиологиясы саласындағы зерттеулерге өзіндік үлес қосатынына, сондай-ақ қазақ тілінің қолданысы мен жетілуіне қажетті материал болатынына сеніміміз мол.

Аталған диссертациялық жұмыстың әрбір теориялық түйіні мен қорытындысының шынайылық дәрежесі теориялық материалдарды тұжырымдауда когнитивтік-концептілік, лексика-семантикалық талдау, жинақтау, топтау, жүйелеу сияқты әдістерді ұтымды пайдалануынан байқалады.

Докторанттың материалды логикалық тұрғыдан жүйелі беруі, зерттеу әдістері мен алынған нәтижелері, қорытындылары мен ғылыми түйіндері жұмыстың толық аяқталған, іштей тұтастыққа ие, өз алдына дербес ғылыми еңбек екендігін дәлелдейді. Диссертациялық жұмыстың кіріспесінде көрсетілген өзектілігінен, қорғауға ұсынылған тұжырымдар, қол жеткізген ғылыми жаңалықтарында, зерттеу нысанына алынған мәселелерден ауытқушылық жоқ. Жұмыстың құрылымы диссертацияға қойылатын талаптарға сай жазылған. Диссертация іштей тұтастыққа ие. Алынған нәтижелерінің ішкі бірлігі жоғары.

Қорыта келгенде, Байсыдық Индира Болатбекқызының «Мінез сипаты атауларының лингвомәдениеттанымдық негіздері» тақырыбындағы

диссертациялық жұмысын «8D02314 Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынуға болады.

**Ғылыми кеңесші:**

А.Байтұрсынұлы атындағы

Тіл білімі институты

Ахметтану бөлімінің меңгерушісі, профессор,

филология ғылымдарының докторы



Қ.Б.Күдерінова

(аты-жөні)  
қолын хуаландырамын  
«А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі  
институты» РМК Персоналды басқару,  
құжаттамамен қамтамасыз ету және  
« 17 » бақылау бөлімі 2023 ж.  
04